



**QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY**  
**PREZIDENTI NIŇ JANYNDAǴY**  
MEMLEKETTİK BASQARÝ AKADEMIASY

Қазақстан Республикасы Президентінің  
жанындағы Мемлекеттік басқару  
академиясы ректорының  
2019 жылғы «20» желтоқсандағы  
№ 940 бұйрығына қосымша

## **ӘДЕП ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ**

**Нұр-Сұлтан, 2019**



## МАЗМҰНЫ

Мазмұны.....	2
1. Академияның білім алушысы мен қызметкерінің әдебі.....	3
2. Академиялық адалдық .....	3
3. Академиялық адалдықтың бұзылу түрлері .....	4
4. Зерттеу әдебінің ережелері .....	7
5. Академиялық адалдықты сақтамағаны үшін жауапкершілік .....	8
6. Жауапкершілік түрлері және жаза қолдану тәртібі .....	9
Қосымшалар .....	11-13



## **Преамбула**

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы әлеуметтік және білім беру ролін ұғына отырып, негізіне әлем университеттерінің зерттеу және білім беру қызметі жататын, халықаралық ғылыми бірлестік қабылдаған әдеп құндылықтары мен негізге алынатын қағидаттарды мақұлдайды.

Академияның білім алушылары мен қызметкерлері академиялық адалдық қағидаларын және жалпы жұрт таныған моральдық-этикалық нормаларды ұстануға тырысады.

## **1. Академияның білім алушысы мен қызметкерінің әдебі**

Білім алушылар мен қызметкерлер:

- жалпы жұрт таныған мораль нормаларын сақтайды және жалпы адами құндылықтарды құрметтейді;
- академиялық адалдық нормаларын сақтайды;
- Академияның беделін нығайтуға жәрдемдеседі және оған зиян келтіретін мінез-құлықтан аулақ болады;
- өзгелердің құқықтарын, ар-намысын және абыройын құрметтейді;
- әділетсіз қарым-қатынас жасауға және кемсітушіліктің, тіл тигізудің және қысымшылықтың барлық түрлеріне жол бермейді;
- әңгімелесу барысында сыпайылық танытады және күлімдейді;
- шешім қабылдауға жеке көңіл білдірулермен немесе жеккөрініштілікпен әсер етуге мүмкіндік бермей, өзінің мінез-құлқын, сезімін және эмоциясын бақылайды;
- барлық адамдармен қызметтік немесе әлеуметтік жағдайына қарамай бірдей дұрыс қарым-қатынас жасайды;
- әріптестерінің іскерлік қасиеттерін, мінез-құлықтары мен жеке өміріне қатысты теріс пікірлер білдіруден тартынады;
- өз міндеттерін жоғары жауапкершілік, тәртіптілік, әділдік және адалдық таныта отырып орындайды;
- ұжымда өзінің жұмыс пен оқуға деген қатынастарымен позитивті моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал етеді;
- қызмет бабындағы сыйластықты және іскерлік этикетті сақтайды;
- өзінің кәсіби, басқарушылық және тұлғалық құзыреттіліктерін дамытады;
- іскерлік киім стилін ұстанады;
- Академияның мүлігі мен жабдығына ұқыпты қарайды, тазалық пен тәртіпті сақтайды;
- Академияның позитивті имиджінің артуына ықпал етеді және Академия имиджіне нұқсан келтіретін ақпаратты таратуға жол бермейді.

## **2. Академиялық адалдық**



# QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY PREZIDENTINIŇ JANYNDAǴY

MEMLEKETTİK BASQARÝ AKADEMIASY

Академиялық адалдық – бұл академиялық және ғылыми ортадағы мінез-құлық принциптері, қағидалары мен құндылықтардың жиынтығы. Ол жеке жұмыс орындау, бейтаныс адамның зияткерлік еңбегіне құрметпен қарау және көшіріп алу, плагиат (бөгде адамның зияткерлік меншігін иелену), өзін-өзі плагиаттау, жасырып қалу, келісу, білімді ағымдық және қорытынды бақылау тапсырмалары туралы ақпаратты заңсыз беру; бір жұмысты бағаланатын тапсырмалардың әртүрлі түрлеріне ұсыну; анық емес деректерді (бұрмалау) ұсыну және тәртіпсіз академиялық мінез-құлықтың өзге де әрекеттерін жасау сынды жосықсыз тәжірибеден бас тарту барысында танытылатын парасаттылық, адалдық пен жауапты мінез-құлықты қамтиды.

«Академиялық адалдық лигасы» жоғары оқу орындары қауымдастығының (бұдан әрі - Лига) мүшесі бола отырып, Академия өз қызметінде Лига жариялаған академиялық адалдықтың он негізгі қағидатын ұстанады және іске асырады:

- 1) Академиялық адалдық Лиганың әрбір мүшесінің, оның білім беру процесі мен зерттеулерінің негізгі құндылығы болып табылады.
- 2) Лиганың әрбір мүшесі академиялық адалдықтың нақты, әділ және объективті стандарттарының, дәйексөз және мінез-құлық ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.
- 3) Лиганың әрбір мүшесі академиялық және / немесе зерттеу мақсаттары үшін ұсынылған сипатына, мазмұны мен көлеміне қарамастан, барлық жазбаша жұмыстардың плагиатына міндетті тексеруді қамтамасыз етуге жауапты болады.
- 4) Лиганың әрбір мүшесі білім алушының академиялық адалдық қағидалары мен стандарттарын бұзғаны үшін жауапкершілігін қамтамасыз етеді.
- 5) Лиганың әрбір мүшесі өзінің оқыту нәтижелерін әділ және объективті бағалау жүйесі шеңберінде білім алушыларға жоғары талаптар қояды.
- 6) Лиганың әрбір мүшесі үздіктерге ғана өз оқуын аяқтауға мүмкіндік береді.
- 7) Лиганың әрбір мүшесі дипломымен расталған кадрларды даярлау сапасына жауапты болады.
- 8) Лиганың әрбір мүшесі оқытушының академиялық адалдықтың принциптері мен стандарттарын, өзара құрмет пен әділдікті үйрететін ментор ретіндегі жоғары жауапкершілігін қамтамасыз етеді.
- 9) Лиганың әрбір мүшесі академиялық адалдықты ілгерілету мен қорғау білім беру ұйымдарындағы барлық білім алушылар мен қызметкерлердің өзара күш-жігерінің нәтижесі болып табылатынын мойындайды.
- 10) Лиганың әрбір мүшесі өзіне жүктелген міндеттемелерді, оның ішінде Лига қызметінің негізгі принциптерін адал орындауға міндеттенеді. Ол Жарғыға немесе Лиганың актілеріне, сондай-ақ академиялық адалдық қағидаттары мен стандарттарына, соның ішінде Лига қызметінің негізгі принциптеріне сәйкес міндеттемелерді орындамағаны үшін ұйымнан шығарылатынын түсінеді.

### **3. Академиялық адалдықтың бұзылу түрлері**

1. Білім беру және зерттеу қызметінде көрсетілетін академиялық адалдық бұзушылықтары жазбаша (бақылау, эссе, диссертациялық және т.б.) жұмыстарды орындау, емтихандардағы жауаптар барысында нормативтік талаптардан, зерттеулер, ғылыми жұмыстар жазу, өз позициясын білдіру, әкімшілік-басқару персоналымен, профессор-оқытушылар құрамы және білім алушылармен өзара қарым-қатынас жасау, сондай-ақ бағалау мен сараптау кезінде ауытқуға әкеп соғады.

2. Плагиат – шынайы автор ретінде басқа тұлғаларға өзі туралы жалған мәліметті жеткізумен бірге академиялық, ғылыми, зерттеу, публицистикалық және талдау қызметі



# QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY

## PREZIDENTINIŇ JANYNDAǴY

MEMLEKETTİK BASQARÝ AKADEMIASY

нәтижелерін, бөгде адамның қорғалатын еңбек нәтижелерін әдейі немесе байқамай, толық немесе ішінара заңсыз пайдалану, иелену немесе өз бетінше иелік ету.

### 3. Төмендегілер плагиат болып танылады:

- басқа адамның идеялары, тұжырымдары, пікірлерінің немесе айтқан сөздерінің дереккөздерін көрсетпей, оларды ұсыну, мәтінді бір тілден екінші тілге алғашқы дереккөзін көрсетпей аударып алу;

- басқа адамның жазбаша жұмысынан мәтіннің бір бөлігін немесе барлық мәтінді алғашқы дереккөзіне сілтеме жасамай және дәйексөз алусыз тікелей көшіру (сондай-ақ Интернеттен алынған материалдарды немесе өзге де электрондық дереккөздерді көшіру жатады);

- мәтіннің элементтерін дереккөзін көрсетпей өзгертіп айту немесе сөздерді ішінара алмастыру;

- түпкі деректемені көрсетпей және/немесе автордың келісімінсіз ақпараттың графиктерін, кестелерін, суреттерін, сызбаларын және визуалды басқа да түсініктерін пайдалану;

- бірлескен зерттеулер немесе басқа да оқу тапсырмаларының нәтижелерін иемдену;

- басқа тұлға жасаған жұмысты өз атыңнан, толық немесе жартылай ұсыну немесе жариялау;

- жұмыстың мәтінін әдейі бұрмалау, атап айтқанда шрифті ауыстыру, басқа әліпбидің символдарын қолдану, жұмыстың мәтініне арнайы символдарды қосу, сөздердегі символдардың ретін өзгерту, мәтіннен жарты символды алып тастау және т.с.

4. Өзін-өзі плагиаттау – алғашқы мәтінге тиісті сілтемелерді көрсетпей, жаңа деректер мен тұжырымдардың жоқ болуының нәтижесі ретінде өзінің бұрын жарияланған мәтінін толық немесе ішінара пайдалану.

5. Көшіру – біреудің зияткерлік өнімін көшіруді тұспалдайтын білім алушының немесе қызметкердің жауапсыз мінез-құлқы.

### 6. Көшіру болып мыналар танылады:

- емтихан материалдарына немесе тапсырманың мәнін ашатын емтихан материалдары туралы ақпаратқа заңсыз жолмен қол жеткізу;

- шпаргалкаларды, ұялы телефондарды және басқа да құрылғыларды, мәтіндік хабарламаларды немесе ақпаратты алудың заңсыз тәсілдерін қолдану;

- басқа білім алушының жұмысынан көшіру (білім алушының рұқсатымен де және онсыз да);

- басқа білім алушыға көшіруге немесе басқа білім алушыларға жауаптарын беруге рұқсат ету;

- емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін емтихан тапсырмасын орындауды жалғастыру;

- басқа білім алушыға емтихан тапсырмасын орындап беру туралы өтініш жасау;

- басқа тұлғалар тарапынан жоғарыда аталған әрекеттердің бірінің жасалуына жәрдемдесу және көмектесу.

7. Қайталау – жұмысты өзінікі ретінде, ішінара немесе толық ұсыну талпынысын қоса алғанда, әр түрлі бағалау және талаптар шеңберінде бір жұмысты, білім алушы жұмыстың



# QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY PREZIDENTINIŇ JANYNDAǴY

MEMLEKETTİK BASQARÝ AKADEMIASY

авторы болған жағдайда да профессор-оқытушылар құрамының алдын ала рұқсатынсыз бұрын басқа курста бағаланған кез келген жұмысты презентациялау.

8. Бұрмалау – жалған академиялық жазбаларды немесе басқа да құжаттарды; мәліметтерді (ғылыми тәжірибе кезіндегі бақылауларды, жазбаларды, сауалнама нәтижелерін қолдан жасау); академиялық жұмыстағы қолды жасау; академиялық жұмысты әдейілеп қолдан жасау немесе бүлдіру.

9. Бұрмалауға мыналар жатады:

- эмпирикалық деректердің жалған зерттеу нәтижелерін жасау; үшінші тұлғалар жүргізген ғылыми жұмыстарды/еңбектерді өзінікі ретінде ұсыну;
- қол қоятын адамдар үшін пікірлер, рецензиялар, ұсынымдар мен мінездемелер жобаларын дайындау;
- қолдан жасалған немесе жалған медициналық анықтамалар немесе жұмысқа жарамсыздық парақтары сынды Академияға қандай да бір жалған құжаттарды ұсыну.

10. Академиялық жұмысты фабрикация жасау – академиялық жұмыстың мазмұнын әдейі бұрмалау, яғни:

- академиялық өнімде жалған мәліметтерді беру;
- зерттеулер мен эксперименттердің деректерін және нәтижелерін ауыстырып жіберу;
- зерттеу барысында алынған жалған ақпаратты ұсыну;
- еш жерде жоқ мақалаларға және ойдан шығарылған дереккөздерге сілтеме жасау;
- нәтижеге әсер ететін деректерді қалдырып кету;
- дәлелді негізі жоқ қорытындыларды ұсыну.

11. Жасыру – жұмысты жауапсыз орындау және білім алушылардың, не Академия қызметкерлерінің Кодекс нормаларын сақтамауы туралы ақпаратты айтпау және жасыру.

12. Сөз байласу – басқа білім алушы үшін тексеруге және бағалауға жататын, кез келген академиялық жұмысты орындау.

13. Академиялық ақпаратқа заңсызқол жеткізу және (немесе) оны тарату, яғни:

- емтихан сұрақтарының жауаптарын беру;
- бағалау кезінде қойылатын сұрақтар туралы білім алушыларға мәлімет беру;
- тиісті рұқсатсыз бағаланатын жұмыстар үшін ішінара немесе толық материалды тарату;
- дайын баяндамалар, эссе, тапсырмалар, ғылыми жұмыстар, жарияланымдар және басқа да академиялық жұмыстарды сату немесе сатып алу және/немесе сатуда көмек көрсетудің басқа да жолдары;
- білім алушыларға беру мақсатында электрондық пошта, компьютер арқылы және т.б. қоса алғанда, бағаланатын жұмыстың жауаптарын кез келген жолдармен ұрлау.

14. Параға сатып алу – профессор-оқытушылар құрамына, сондай-ақ Академия қызметкерлеріне түрлі формада сыйақы беру, не сыйақы бермей-ақ, басқа жеке мүдделілік, осындай мінез-құлыққа тең.

15. Ағымдағы және қорытындыны қоса алғанда, білім алушылардың барлық жазба жұмыстары плагиатқа тексеруден өтеді.



16. Магистранттардың бітіру жұмыстарын жазу кезінде библиографиялық тізімдерді және сілтемелерді рәсімдеу талаптары (дереккөздерді дәйексөздеу) «Магистрлік жобаларды жазу жөніндегі нұсқаулықта» көрсетілген.

17. Ғылыми мақалаларды, монографияларды және диссертацияларды плагиатқа тексеру қажеттілікке қарай, Зерттеулер жөніндегі комитеттің (бұдан әрі – Комитет) талабы бойынша жүзеге асырылады.

18. Докторанттар ҚР БҒМ БҒСБК талаптарына сәйкес диссертацияны тексеруді міндетті түрде дербес іске асырады.

#### **4. Зерттеу әдебінің қағидалары**

19. Қызметкерлер және білім алушылар зерттеу әдебінің келесі қағидаларын сақтайды:

- кез келген зерттеу практикалық және әлеуметтік мәнге ие, анық деректер алу мақсатында негізделуі және ұйымдастырылуы тиіс;
- деректерді жинауды өткізетін тұлға Зерттеулер жөніндегі комитетті осы Кодекстің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жоспарланған зерттеу туралы хабардар етуі және тәуекелдердің алдын алу және жеңілдету шараларын, сондай-ақ күтпеген жағдаяттарда болуы мүмкін қиын сәттерді конструктивті шешу шараларын ескере отырып, зерттеу қатысушыларына қатысты потенциалды тәуекелдерді бағалауды жүргізуі тиіс. Психологиялық стресті қоса алғанда «тәуекел» деп зерттеудің қатысушысына/респондентке келтірілуі ықтимал зиян немесе залал айтылады;
- ар-намыс пен абыройды құрметтеу қағидатын сақтау зерттеудің қатысушыларынан/респонденттерден осы Кодекстің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қатысуға келісім алуды талап етеді;
- зерттеуге қатысушыларды/респонденттерді қатыстыра отырып деректерді жинақтау құпиялылық қағидатын сақтай отырып, қатаң жүргізілуі тиіс;
- қатысушының келісімімен оның кім екенін ашу жағдайларын есептемегенде, зерттеу барысында зерттеуге қатысушылардан алынған немесе қатысушы туралы ақпарат құпия болып табылады;
- егер зерттеуді жүргізу қатысушының/респонденттің жеке басына қатысты ақпаратты ашуды талап ететін болса, әрбір қатысушы бұл туралы алдын ала хабардар етілуі керек және содан кейін жүргізіліп жатқан зерттеуге қатысуға келісімді беруі, не оны беруден бас тартуы тиіс;
- әрбір зерттеуге қатысушы/респондент сұхбат/әңгімелесу/бақылаудың өткізілетіндігі немесе сауалнама жүргізілетіндігі туралы алдын ала хабардар етілуі қажет;
- егер кейбір респонденттер алдағы сұхбаттың сұрақтарымен алдын ала танысуға тілек білдіріп жатса, зерттеу жүргізетін тұлға респондентке осы сұрақтарды беруі керек;
- зерттеу жүргізетін, әрбір қызметкер және білім алушы зерттеу қатысушыларының мүдделері мен құқықтарын қорғау мақсатында алынған деректерді сақтауды қамтамасыз етуі тиіс;
- хабарлама нысаны, ақпараттандырылған келісімнің қол қойылған нысандары, сауалнамалар, сұхбат/әңгімелесудің аудиожазбалары, статистикалық деректерді қоса алғанда, зерттеу жұмысының жүргізілуі туралы толық жазбалар мен құжаттаманы Зерттеулер





жөніндегі комитет тарапынан сұрау салынған жағдайда тексеру үшін қауіпсіз жерде сақтау қажет;

- зерттеу қызметінің әдеби плагиаттың кез келген формаларын, сондай-ақ зерттеуді ұйымдастыру, өткізу, деректерді талдау және нәтижелерді жариялау кезінде жауапсыз іс-қимылдарды мүлдем қабылдамауды жобалайды;
- зерттеуді жүргізу кезінде ықылассыз мінез-құлыққа жол бермеу, атап айтқанда, осы әрекеттің себебіне және олардың келісімінің болуы немесе болмауына қарамастан, жүргізілген зерттеуге ешқандай қатысы жоқ тұлғаларды тең авторлыққа қосу, бірлескен зерттеулер мен жұмыстардың нәтижелерін иемденуге тең;
- Академия қызметкерлері мен білім алушылары зерттеу әдеби қағидаларын сақтамағаны үшін жеке жауапкершілік алады;
- жобалық топтың жетекшісі зерттеу әдеби қағидаларын зерттеу тобының мүшелері сақтамағаны үшін жауапкершілік алады.

20. Академия қабырғасында дайындалған зерттеу жобаларының жарияланымында Академияға тиісті сілтеме жасалуы қажет.

## **5. Академиялық адалдықты сақтамағаны үшін жауапкершілік**

21. Сапалы оқыту мен зерттеудің әділдік және құндылық қағидаттары қызметтегі басты басымдығы болып табылатын ұжымның кез келген мүшесі – білім алушылар, оқытушылар, қызметкерлер академиялық адалдықты бұзу мәселелерін қоя алады.

22. Институт/МСҰМ директораты академиялық адалдықты бұзуға қатысты көтерілген кез келген мәселені қарастыруы тиіс, ол мәселені жан-жақты зерделеу және академиялық адалдықты бұзу фактілерін әділ бағалау бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

23. Білім алушылар және қызметкерлер оқуға немесе жұмысқа қабылданған кезде осы Кодекспен жазбаша түрде таныстырылуы керек.

24. Кодекс нормаларын білмеу оларды сақтамағаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

25. Осы Кодекс нормаларын бұзған Академия қызметкерлеріне қатысты ішкі еңбек тәртібінің қағидалары мен еңбек шартына сәйкес тәртіптік сипаттағы шаралар қолданылады.

26. Осы Кодекстің нормаларын бұзған Академия білім алушыларына қатысты осы Кодекстің ережелері мен оқу шартына сәйкес шаралар қолданылады.

27. Институт/МСҰМ директораты және Академия басшылығы академиялық адалдықты бұзудың алдын алу және оған жол бермеу мақсатында білім алушылар мен қызметкерлер үшін қолайлы жағдайды, оның ішінде консультациялар, барлық білім беру бағдарламалары мен силлабустарда академиялық адалдық қағидаттарын енгізу арқылы жасайды.

## **6. Жауапкершілік түрлері және жаза қолдану тәртібі**

28. Қызметкерге қолданылатын жауапкершілік түрлері және оларды қолдану тәртібі Академияның ішкі еңбек тәртібі қағидаларында регламенттелген.

29. Білім алушыларға қолданылатын жауапкершілік түрлері:

- 1) ауызша ескерту;
- 2) жазбаша сөгіс;
- 3) (қойылған) бағаны төмендету;





**QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY**  
**PREZIDENTINIŇ JANYNDAǴY**  
MEMLEKETTİK BASQARÝ AKADEMIASY

- 4) жұмысты және/немесе қойылған бағаны жою;
- 5) бағаланатын жұмыстарды, оның ішінде диссертациялық жұмыстарды/жобаларды қорғауға жібермеу;
- 6) жасалған теріс қылықты қоғамдық айыптау;
- 7) білім алушыны пәннен шығару;
- 8) Академиядан шығару.

Білім беру және зерттеу қызметінде көрініс тапқан академиялық адалдықты бұзғаны үшін санкциялар үш санатқа бөлінеді: 1-санат, 2-санат, 3-санат.

1-санат білім алушының жеке ісіне енгізбей ауызша ескерту немесе жазбаша сөгіс, немесе бұзушылық орын алған жұмысты қайта жасау талабымен бағаны төмендету. 2-санат білім алушыны пәннен шығару немесе тапсырма үшін, не пән бойынша білім алушының бағасын төмендету, не жұмысты және/немесе қойылған бағаны жою немесе білім алушының жеке ісіне енгізілетін жазбаша сөгіс. 3-санатқа сынақ мерзімі, сабақтан шеттету немесе оқудан шығару, соның ішінде теріс қылықты қоғамдық айыптау жатады.

Әрбір жеке бұзушылық оқиғасы оқиғаның күрделілік дәрежесін, бұрын тіркелген бұзушылықтардың бар-жоғын назарға ала отырып, жеке бағаланады.

30. Бұзушылық фактілері мен жауапкершілік дәрежесін Институт/МСҰМ директоры қарайды. Жасалған теріс қылықты қоғамдық айыптау немесе Академиядан шығару түріндегі жаза Академиялық кеңестің отырысында Магистранттар мен докторанттардың кеңесі өкілдерінің қатысуымен қаралады, бұл білім алушының құқығын қорғауды қамтамасыз етеді.

31. Әрбір жағдайды қарау бойынша материалдар хаттамамен ресімделуі және білім алушының жеке ісінде немесе қызметкердің жеке ісінде сақталуы тиіс.



### Зерттеуді жүргізу туралы ХАБАРЛАМА

- Зерттеушінің Т.А.Ә., оқу бағдарламасы (білім алушы үшін)
- Зерттеушінің Т.А.Ә., лауазымы (Академия қызметкері үшін)
- Институт/МСҰМ
- Ғылыми жетекші
- Бірнеше зерттеуші қатысқан жағдайда, жобадағы/зерттеудегі олардың жауап беретін саласын көрсетіңіз
- Қаржыландыру
- Сыртқы әріптестермен ынтымақтастық

#### ЗЕРТТЕУДІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ:

*\*Төменде көрсетілген тармақтардың әрқайсысы бойынша қысқаша сипаттама беру қажет (әрбір тармаққа 50 сөзден артық емес)*

- Мақсаттар мен міндеттер.
- Зерттеу сұрақтары.
- Деректерді жинауды өткізу орны.
- Жиналатын деректер түрі.
- Деректерді жинау әдістері.
- Деректерді талдау әдістері.
- Деректерді сақтау.
- Күтілетін нәтижелер.
- Зерттеудің ұзақтығы.
- Ықтимал қиындықтар мен тәуекелдер (оларды болдырмауға немесе жеңілдетуге болатын жолдарды көрсету).
- Мүдделер қақтығысы.
- Әдеп мәселелері (қатысушылардың ақпараттық келісімін алу, құпиялылық және аты-жөнін көрсетпеу)
- Нәтижелерді ұсыну және тарату.
- \*Қосымша ақпарат.

Қолы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_  
Ғылыми жетекшінің қолы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_



**АҚПАРАТТЫҚ КЕЛІСІМ**  
(үлгі)

(зерттеудің/жобаның/бітіру немесе басқа жұмыстың  
атауы) (қажеттісінің астын сызыңыз)

Зерттеушінің Т.А.Ә.:

Зерттеуші мәртебесі: (білім алушы үшін) \_\_\_\_\_ (мысалы,  
магистрант)

Зерттеушінің лауазымы (Академия қызметкері үшін) \_\_\_\_\_

**ЗЕРТТЕУДІҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ:**

\* Зерттеудің мақсатын, жиналатын деректердің түрін, деректерді жинау әдістерін,  
зерттеуді жүргізу тәртібін, нәтижелер қалай түсіндіріледі немесе жарияланады және  
т.с. қысқаша сипаттау қажет.

Үлгі:

- Сізді ..... зерделеуге бағытталған зерттеуге қатысуға шақырды
- Зерттеу мәселелері
- Зерттеу ..... (мысалы, ..... көрсету қажет сауалнаманы толтыру), сондай-ақ сұхбатқа қатысуды (түрін көрсетіңіз) көздейді.
- Біз тек зерттеу жүргізу мақсатында сұхбатты жазу үшін диктофонды қолдануға Сіздің рұқсатыңызды сұраймыз. Жазбалар үшінші тұлғаларға берілмейді.

**ҚАТЫСУ ҰЗАҚТЫҒЫ:**

\*Зерттеуге қатысу үшін кететін уақытты көрсету керек

Үлгі:

- Сауалнама: 30 минут (сұхбат шеңберінде).
- Сұхбат: 60-90 минут (сауалнамамен бірге 90-120 минут).

**ЫҚТИМАЛ ТӘУЕКЕЛДЕР:**

\*Зерттеуге қатысудағы ықтимал тәуекелдерді қысқаша сипаттау қажет.

Үлгі:

- Осы зерттеумен байланысты тәуекелдер минималды және сұхбатқа қатысумен байланысты потенциалды эмоционалдық жайсыздықтан тұруы мүмкін.
- Сіздің зерттеуге қатысу туралы шешіміңіз еңбек қызметіңізге әсер етпейді, себебі нәтижелер Сіздің басшылығыңызға жіберілмейді.



**QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY**  
**PREZIDENTINIŇ JANYNDAǴY**  
MEMLEKETTİK BASQARÝ AKADEMIASY

**СІЗДІҢ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗ:**

- Сіздің зерттеуге қатысуыңыз ерікті түрде болып табылады.
- Сіздің кез келген уақытта зерттеуге қатысудан бас тартуға құқығыңыз бар.
- Бұл зерттеудің нәтижелері тек зерттеушілік мақсатта қолданылатын болады.
- Нәтижелер ғылыми немесе талдамалық журналдарда жариялануы мүмкін (*нәтижелер потенциалды түрде қайда ұсынылатынын көрсету қажет (мысалы, конференциялар, есептер)*)

**ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ:**

- Жеке мәліметтердің құпиялылығы кепілдендірілген.
- Зерттеу нәтижелері жариялануы мүмкін, бірақ жарияланымдарда Сіздің кім екеніңізді көрсететін ақпарат жазылмайтын болады.

**БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:**

Егер Сізде сұрақтар туындап жатса, ..... (*Т.А.Ә., лауазымын, байланыс телефонын және электрондық адресін көрсету*) хабарласыңыз.

Егер Сіз осы зерттеудің жүргізілген деңгейіне қанағаттанбасаңыз, Зерттеулер жөніндегі комитетке (Институт/МСҰМ көрсету) ... (нөмірді көрсету) телефоны бойынша хабарласыңыз.

**Егер Сіз осы зерттеуге қатысуға келіссеңіз, төмендегі нысанды толтырыңыз:**

- Мен осы нысанда берілген ақпаратпен мұқият таныстым;
- Мен зерттеудің мақсаты мен әдістері туралы ақпарат алдым;
- Мен, транскрипциялау/зерттеу мақсатында сұхбат диктофонға жазылатындығын түсінемін;
- Мен, барлық құпия ақпаратты тек зерттеуші қолданатынын және үшінші тұлғаларға берілмейтінін түсінемін;
- Мен, себебін көрсетпей-ақ, кез келген уақытта зерттеуге қатысудан бас тарта алатынымды түсінемін;
- Барлық болып жатқан жағдайларды толық ұғына отырып, мен осы зерттеуге қатысуға келісемін.

Қолы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_